

Ойыл

ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ТАРТУ - 33 ПӘТЕР

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ОСЫҒАН ДЕЙІН ДЕ ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІНДЕ ТҰРҒАН АЗАМАТТАРДЫ БАСПАНАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА БІРНЕШЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП КЕЛЕДІ. АЛ, ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ СОҢҒЫ КҮНІ АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДА 33 ТҰРҒЫН ҮЙДІҢ КІЛТІ ӨЗ ИЕЛЕРІНЕ САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ ТАБЫСТАЛДЫ.



Бұл шараға аудан әкімі Асқар Қазыбаев қатысып, тұрғындарды көптен күткен сәттерімен құттықтады. - Бүгін сіздер үшін ерекше күн. Мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдаудың арқасында жаңа жыл қарсаңында жаңа үйлеріңізге ие болып отырсыздар. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады. Жаңа баспаналарыңыз құтты болсын!

— деді әкім өз сөзінде. Салтанатты шара барысында жаңа пәтерлер негізінен көп балалы аналарға, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға және әлеуметтік осал топтарға берілді. Жаңа қонысқа ие болған тұрғындар мемлекетке ризашылықтарын білдіріп, бұл игі істің олардың өміріне оң әсер ететініне сенім білдірді.

Бұл бастама – тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартып, олардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған мемлекеттік саясаттың маңызды қадамдарының бірі. Мұндай шаралар өңірде әлі де жалғасатын болады деп уәде етілді. Асқар Қазыбаев атап өткендей, әлеуметтік жобалардың нәтижесінде Ойыл ауданында тұрғындардың өмір сүру дең-

гейін арттыруға айрықша мән беріліп отыр. - Алдағы уақытта да әлеуметтік қолдау шаралары назардан тыс қалмайды. Өрбір отбасының жағдайын жақсарту - біздің басты міндетіміз, - деді аудан әкімі. Осылайша, Ойыл ауданында 33 отбасы жаңа жылды өз шаңырақтарында қарсы алуға мүмкіндік алып, үлкен қуанышқа кенелді.

ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ТАРТУ – ЖАСАНҒАН МЕДПУНКТ ПЕН „ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ“

АҚШАТАУ ОРТАЛЫҚТАН АЛЫС БОЛМАСА ДА, ЖЫЛДЫҢ ҚОЛАЙСЫЗ МЕЗГІЛІНДЕ ҚАТЫНАСЫ ҚИЫН АУЫЛ. БИҢТЫ-МАҚПЕН ІС ҚЫЛҒАН АЛАҚАНДАЙ АУЫЛДЫҢ БҮГІНДЕ ЫРЫСЫ ТАСЫП ТҰР. АУЫЛДА ЕКІ ҚАБАТТЫ ЖАҢА МЕКТЕП БАР. АУЫЗ СУ ӨР ҮЙГЕ КІРІП ТҰР. АСАРЛАТЫП КЛУБТЫ САЛЫП АЛДЫ. КҮНІ КЕШЕ ҒАНА АУЫЛДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ПУНКТКЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ АЯҚТАЛЫП, ХАЛЫҚТЫҢ ҚУАНЫШЫН ЕСЕЛЕЙ ТҮСТІ.



Алдағы уақытта Ақшатау ауылының 517 тұрғынына алғашқы көмек көрсетіліп, бас ауырып, балтыры сыздаған тұрғындарға ем-шараларын жүргізетін медициналық пунктке былтыр облыстық бюджеттен 30,8 млн. теңгеге күрделі жөндеу жүргізілген бо-

латын. Медициналық пункттің іші мен сыртына ғана күрделі жөндеу жүргізіліп қойған жоқ, жаңа медициналық құралдармен толықты. Бір сөзбен айтқанда, мердігерлер аядай үйді «ұядай» қылыпты. Жаңа жыл қарсаңында «жақсыны көрмекке» аудан әкімінің

орынбасары Мұратбай Айдарбаев пен Ойыл аудандық ауруханасының бас дәрігері Сәндібек Нұрбаев жөндеу жұмыстарымен танысып, жақсы іске куә болды. Сондай-ақ, Ақшатау медициналық пунктіне тұрғылықты халыққа сапалы медициналық

көмектің қолжетімділігін арттыру мақсатында жедел жәрдем көлігінің кілтін табыстап, тұрғындарға Жаңа жылдық тарту жасады. Ақшатаулықтар болса, өз кезегінде ел ағаларына алғыстарын жаудырды. **Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ, Ойыл селосы.**

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ БАСЫМДЫҚТАРЫ МЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың сұхбаты елдің саяси, экономикалық, әлеуметтік дамуындағы басты бағыттарды айқындады. Мемлекет басшысы қоғаммен ашық диалог орнатып, өзекті мәселелерге нақты жауаптар беріп, елдің болашағына арналған стратегиялық жоспарларды таныстырды.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖӘНЕ РЕФОРМАЛАР

Үкіметтің басты міндеті – тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету. Президент Үкімет жұмысын қатаң бақылауға алып, нақты нәтижелерге қол жеткізуді талап етті. Инфрақұрылымды дамыту, экономиканы өртаптастыру, жаңа жұмыс орындарын құру сияқты шаралар жүзеге асырылуда.

2023 жылғы Ұлттық қордан балаларға арналған төлемдердің іске асырылуы, зейнетақы мен жалақының ұлғаюуы – әлеуметтік саясаттағы маңызды қадамдардың бірі. Сонымен қатар, 2025 жылға дейін 217 жаңа мектеп салу жоспарланып отыр, бұл білім беру саласының дамуына серпін береді.

САЯСИ РЕФОРМАЛАР ЖӘНЕ ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ

Президенттің айтуынша, саяси реформалар уақытша шара емес, елдің тұрақты дамуының негізі. Биліктің барлық деңгейінде ашықтық пен есеп берушілік қағидаттары нығайтылуда. Ұлттық құрылтай

қоғамдық диалогтың алаңына айналып, маңызды шешімдер қабылдауға ықпал етуде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қатаң жүргізіліп, заң үстемдігі қамтамасыз етілуде. Мемлекет заңсыз активтерді қайтару арқылы әлеуметтік маңызы бар жобаларды қаржыландыруға күш салуда.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨРІПТЕСТІК ЖӘНЕ КЛИМАТТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Қазақстанның сыртқы саясаттағы рөлі нығайып келеді. Су тасқыны кезінде елдің тиімді әрекеті халықаралық қауымдастықтың назарын аудартты. Президенттің бастамасымен табиғи апаттардың алдын алу және климаттық өзгерістермен күрес жөніндегі жобалар қолға алынды.

БОЛАШАҚҚА ҰМТЫЛЫС

Цифрландыру, жасанды интеллектті дамыту, атом энергетикасын енгізу – Қазақстанның келешектегі негізгі басымдықтары. Аталған салаларда жүзеге асырылып жатқан жобалар елдің әлемдік аренадағы орнын күшейтеді. Қазақстанның даму жолы әрбір азаматтың әл-ауқатын арттыруға, елдің халықаралық беделін нығайтуға бағытталған. Президенттің сұхбаты қоғам мен билік арасындағы сенімді нығайтып, ортақ болашаққа деген сенімді арттырды.

Еркін ЖИЕНАЛИН, Amanat партиясы Ойыл аудандық филиалының атқарушы хатшысы.

РЕДАКТОР БАҒАНЫ

АРМЫСЫҢ, 1422 ОҚЫРМАН!

Ақпарат айдынындағы толқын дәстүрлі басылымды қанша жерден қайрандағы қайықтай шетке ысырғанымен, кеңістікке ұмтылған кемедей қатар жүзіп келеміз. Рас тұтынушылар саны төмендеп барады... Уақыт керуені тағы бір жылдың жаңа парағын ашты. Өткен жыл ойылдықтар үшін ағын судың арынымен алысып басталса, соңы қуанышпен аяқталды. Өрине, тоқмейілсуге ерте. Табиғи апаттың зардабын жоюға әлі де бірнеше жылдар керек болуы мүмкін. Ең бастысы, халықтың ілгері күнге деген сенімі нығайды. «Саусақты біріктіріп, иені іліктірген» ойылдықтар берекенің бастауы – бірлікте екенін паш етті. Жасыратыны жоқ, суға кеткендерге қармайтын тал ұсынып, ұпайын санап, саусағын бүгіп тұрғандар да болды. Сабырмен жеткен «сары алтын» істің де артынан шикілік шығып, «сенген серкенің, күйсегенін» көріп, ішіміз күйді, қынжылдық. Бағғыда бір күйінген атамыз, «Мен көрмедім?» - депті. Сол

сияқты біз де не көрмедік? «Бүлінгеннен бұлдіргі алып», бүкіл елге өшкере болғанды да көрдік. Бірақ, «бұлпыңғыр күннің артынан бұлтты түре күн шықты!» Мүлкі мен малы суға кетсе де, салы суға кетпеген ойылдықтар үшін былтырғы жылдың соңы бірнеше жағымды жаңалықтармен есте қалды. Биылғы меже де жоғары. Ауданда бір мектеп пен екі балабақша салынып жатыр. Енді тек көңілді күпті қылып отырған көпір құрылысы. Өзірге мердігерлердің сөзіне сенуден басқа біздің қолымыздан ештеңе келмейді. Бірақ, қара аспанды қапылтып, «кісінің басындағы тұмарды» көретіндер үшін сыныққа сылтау қай уақытта да табылады. Бірақ, бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен табысы мол болатынына тарихтан талай көзіміз жетті. Сондықтан, биыл да берекелі істі мерекелі күндерге ұластырып, жарасымды жақсылықтың куәсі болуға жазсын!

ӘКІМ САЙЛАУЫ-2025

2025 ЖЫЛҒЫ 2 АҚПАҢҒА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ОЙЫЛ ЖӘНЕ Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ӘКІМДЕРІН САЙЛАУДАҒЫ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ ОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

№ 389 сайлау учаскесі Ойыл ауылы, Көкжар көшесі 68, «Ойыл аудандық мәдениет үйі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332)2-18-99	
Ерменова Райхан Есенқызы – төраға	
Нұржанов Сансызбай Құмарұлы – төрағаның орынбасары	
Төреғалиев Наурызбай Базарғалиұлы - хатшы	
Комиссия мүшелері:	
Айдашев Абат Жауғашарұлы	
Ақбанова Ботакөз Қуатқызы	
№ 390 сайлау учаскесі Ойыл ауылы, Құрманов Исламғали көшесі 86, «Ж.Жүсібаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332)2-17-30	
Досымбаева Мира Бауыржанқызы - төраға	
Ешімов Нұрлан Ермеқұлы – төрағаның орынбасары	төрағаның орынбасары
Алдабергенова Нұргүл Бисенбіқызы- хатшы	
Комиссия мүшелері:	
Дүйсенғалиева Күнсая Құмарқызы	
Мерғалиева Зайда Садуқызы	
№ 391 сайлау учаскесі Ойыл ауылы, Шернияз Жарылғасұлы көшесі 36, «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы ғимараты, телефон: 8 (71332)2-20-14	
Сейталиева Мейрамгүл Қайырбекқызы- төраға	
Нұрғалиева Гүлнұр Сәндіғалиқызы – төрағаның орынбасары	
Нұрманова Диана - хатшы	
Комиссия мүшелері:	
Ермағамбетова Гүлнар Жұмабекқызы	
Сабыржанов Ильғиз Мағданұлы	
№ 392 сайлау учаскесі Ойыл ауылы, Аманкелді көшесі 2, «Ойыл қазақ орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-16-52	
Садақбаева Гүлмира Таңжарбайқызы - төраға	
Елекбаева Дархан Саматқызы – төрағаның орынбасары	
Қаумешова Есенгүл Сағынбайқызы - хатшы	
Комиссия мүшелері:	
Жантекова Бағдат Айтқалиқызы	
Сағынов Әділла Қуатұлы	
№ 568 сайлау учаскесі Ойыл ауылы, Алтынсарин көшесі 19 «Ойыл денешынықтыру-сауықтыру көшені» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 72-0-09	
Әлжанов Мұрат Шыңғысұлы - төраға	
Елекбаева Раушан Саматқызы - төрағаның орынбасары	
Нұрмұханов Наурызбай Сәкенұлы - хатшы	
Комиссия мүшелері:	
Мусин Алмат Жалғасұлы	
Рүстемова Айнагүл Есенғосқызы	
№ 394 сайлау учаскесі Қаракемер ауылы, Достық көшесі 3, Қаракемер ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-2-00	
Оспанов Есенгелді Жолдасқалиұлы - төраға	
Ысмағұлов Амангелді Базартайұлы – төрағаның орынбасары	
Жұбанова Әйгерім Айжарыққызы - хатшы	
Комиссия мүшелері:	
Азан Анар Есімқызы	
Тарғынов Қанжар Тарғынұлы	
№ 395 сайлау учаскесі Ақшатау ауылы, Ақжол көшесі 1а, «Ақшатау орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 72-0-81	
Айжарықов Қоныс Боранбайұлы - төраға	
Тынысбаев Марат Елемесұлы – төрағаның орынбасары	
Төребекова Алмагүл Бекділдәқызы - хатшы	
Комиссия мүшелері:	
Құрманғалиев Мейрамбек Әлімжанұлы	
Төлеушева Гүлжамал Елубайқызы	
№ 396 сайлау учаскесі Құмжарған ауылы, Республика көшесі 23, Құмжарған ауылдық клубы ғимараты телефон: 8 (713 32) 73-2-49	
Қойайдаров Сағындық Темірұлы - төраға	
Мамбет Қанат – төрағаның орынбасары	
Ақетенова Шынар Бақытжанқызы - хатшы	
Комиссия мүшелері:	
Әбішев Бауыржан Шыңғұлы	
Охапова Манар Жәрдемқызы	
№ 397 сайлау учаскесі Қаратал ауылы, Ж.Жүсібаев көшесі 2, «Ш.Берсиев атындағы орта мектеп» КММ ғимараты, телефон: 8 (713 32) 73-0-92	
Сүлейменова Жандай - төраға	
Әділов Нұрлан Байтүркеұлы – төрағаның орынбасары	
Мусина Бекзат Қиялбайқызы - хатшы	

Комиссия мүшелері:	
Қодасбаев Шектібай Құсанұлы	
Мырзағұлов Нұрлыбек Махамбетұлы	
№ 398 сайлау учаскесі Карасу ауылы, улица А.Жұбанов 5, «Құрманов бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (713 32) 73-2-28	
Сағатов Болат Сағынұлы - төраға	
Жиенбеков Әлібек Үмбетұлы – төрағаның орынбасары	
Өтебаева Алмагүл Арыстанқызы - хатшы	
Комиссия мүшелері:	
Мамбетова Айнура Бақытқалиқызы	
Молдағұлов Сансызбай Әубәкірұлы	
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы:	Б.Бисекенов
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы:	Н.Кенжебеков

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ

№ 389 сайлау учаскесі
Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Ойыл ауылдық округі Ойыл ауылы Көкжар көшесі 68, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының ғимараты
Сайлау учаскесінің шекаралары: Ойыл ауылы: Құрманғазин Бейсұлла көшесі 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 41, 42, 43, 45, 46, 47, 48, 49, 50/1, 50/2, 51, 53, 55, 57, 59, 61, 63, 65/1, 65/2; Шернияз Жарылғасұлы көшесі, 65, 66/1, 66/2, 66/3, 66/4, 66/5, 66/6, 66/7, 66/8, 68, 69, 70, 73, 74, 75, 79, 81, 83, 85, 87; Көкжар көшесі 31, 32А, 38, 39, 40, 41, 44, 45, 48, 53, 54, 55, 57, 64; Қойшығұлов Ахметжан көшесі 1/1, 1/2, 2/1, 2/2, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2, 5, 6, 7, 8/1, 8/2, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 23, 25/1, 25/2, 26, 27, 28, 29, 30; Дәуленов Сәлкен көшесі 1, 3, 4, 6, 7, 9, 9А, 10/1, 10/2, 10/3, 10/4, 11, 12/1, 12/2, 12/3, 12/4, 16, 17, 19, 20, 22, 25, 27, 29, 33; Екібаев Амантұрлы көшесі 38, 39, 41, 42, 46, 48, 50, 52; Берсиев Шығанақ, Жолмырзаев Байсалбай көшелері.

№ 390 сайлау учаскесі
Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Ойыл ауылдық округі Ойыл ауылы Құрманов Исламғали көшесі 86, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ж.Жүсібаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты
Сайлау учаскесінің шекаралары: Ойыл ауылы: Құрманов Исламғали көшесі 25, 27, 31, 33, 34, 35, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 45, 46, 47, 48, 50, 51, 52, 53, 55, 56, 58/1, 58/2, 59/1, 59/2, 60/1, 60/2, 61/1, 61/2, 62/1, 62/2, 62/3, 63/1, 63/2, 64, 65, 66, 67, 68, 69/1, 69/2, 71, 73, 74, 75, 76, 78А, 80, 82, 84/1, 84/2, 88/1, 88/2, 88/3, 88/4, 90/1, 90/2, 90/3, 90/4; Қойшығұлов Ахметжан көшесі 31, 32, 33, 35, 36, 36А, 37, 38/1, 38/2, 39, 40/1, 40/2, 41/1, 41/2, 43, 44, 45/1, 45/2, 46/1, 46/2, 46/3, 46/4, 47/1, 47/2, 50/1, 50/2; Аманкелді Иманов көшесі 6/1, 6/2, 8/1, 8/2, 10/1, 10/2, 12/1, 12/2, 13, 13А, 14/1, 14/2, 16/1, 16/2, 17, 18, 20, 22, 24, 26, 28; Дәуленов Сәлкен көшесі 24/1, 24/2, 26, 35, 39/1, 39/2, 41/1, 41/2, 43/1, 43/2, 45/1, 45/2, 47/1, 47/2, 49/1, 49/2; Ержанов Қуаныш көшесі 4/1, 4/2, 4/3, 4/4, 6, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 17/1, 17/2, 18, 19/1, 19/2, 19/4, 20, 22, 23/1, 23/2, 24, 25, 26, 27, 29, 31, 33; Еркінов Шүкір көшесі 1, 2А, 2/1, 2/2, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2, 5, 6/1, 6/2, 7, 9, 9А, 9Б, 11/1, 11/2, 11/3, 11/4, 13/1, 13/2, 13/3, 13/4, 13А, 15/1, 15/2, 15/3, 17/1, 17/2.

№ 391 сайлау учаскесі
Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Ойыл ауылдық округі Ойыл ауылы Шернияз Жарылғасұлы көшесі 36, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Шұғыла мәдениет және демалыс орталығының ғимараты
Сайлау учаскесінің шекаралары: Ойыл ауылы: Шернияз Жарылғасұлы көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 50, 51, 52, 53, 55, 56, 57, 58, 59, 61, 64; Құрманғазин Бейсұлла көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16; Көкжар көшесі 6, 7, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 22, 25, 26, 28, 29, 30; Құрманов Исламғали көшесі 1, 2, 8, 10, 12, 13, 15, 16, 17, 18, 19, 23, 24; Екібаев Амантұрлы көшесі 1, 2, 3, 5, 6, 7, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15/2, 16, 18, 21, 22, 23, 24, 25, 27, 28, 29, 31, 32; Масатов Сауытбай, Қарақұлов Ишанбай, Оноприенко Николай, Дүсіпов Үмбет, Төлебаев Мұса, Қлипанов Отар көшелері.

№ 392 сайлау учаскесі
Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Ойыл ауылдық округі Ойыл ауылы Аманкелді Иманов көшесі 2, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты
Сайлау учаскесінің шекаралары: Ойыл ауылы: Шернияз Жарылғасұлы көшесі 76, 78, 79, 80/1, 80/2, 82, 84, 86, 88/1, 88/2, 89, 90, 91/1, 91/2, 92, 93/1, 93/2, 94, 95/1, 95/2, 96, 97/1, 97/2, 98, 99/1, 99/2, 100, 101, 102/1, 102/2, 103/1, 103/2, 104, 105, 105А, 105Б, 106, 107, 107Б, 108, 109, 110, 111, 113/1, 113/2, 113/3, 115/1, 115/2, 115/3, 116, 117/1, 117/2, 119/1, 119/2, 121, 123, 125, 125А, 127/1, 127/2, 127/3, 129, 133, 135, 137, 139, 145, 147; Көкжар көшесі 65, 67, 71/1, 71/2, 72, 73/1, 73/2, 74, 75/1, 75/2, 76, 77/1, 77/2, 78, 79, 80/1, 80/2, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97/1, 97/2, 97/3, 98, 99/1, 99/2, 100, 101, 102, 103/1, 103/2, 104/1, 104/2, 104/3, 105/1, 105/2, 105/3, 106, 107/1, 107/2, 108/1, 108/2, 108/3, 109, 110, 112, 114, 115, 116, 117, 118, 120, 121, 124, 125, 126; Абай Құнанбаев көшесі 1/1, 1/2, 2, 3, 4/1, 4/2, 5/1, 5/2, 6, 7/1, 7/2, 8, 9, 10, 11, 12, 13/1, 13/2, 14, 15/1, 15/2, 17/1, 17/2, 18/1, 18/2, 19; Аманкелді Иманов көшесі 1/1, 1/2, 3, 5/1, 5/2, 5/3, 5/4, 7, 9; Ержанов Қуаныш көшесі 1, 2, 3, 5, 7, 9; Бақаев Бауатдин, Тапалова Нұрсұлу, Медетбаев Дауылбай, Байғанин Нұрпейіс, Молдағұлова Алия көшелері.

№ 568 сайлау учаскесі
Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Ойыл ауылдық округі Ойыл ауылы Алтынсарин Ыбырай көшесі 19, «Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің дене шынықтыру және сауықтыру кешенінің ғимараты
Сайлау учаскесінің шекаралары: Ойыл ауылы: Құрманов Исламғали көшесі 77/1, 77/2, 79/1, 79/2, 81, 81А, 83, 85, 87, 92/1, 92/2, 94/1, 94/2, 96, 98, 100, 102, 104, 106, 108; Абай Құнанбаев көшесі 20, 21, 22, 23, 24, 25/1, 25/2, 25/3, 25/4, 26, 27, 29, 31; Еркінов Шүкір көшесі 8, 8А, 10, 12, 14, 16, 18, 19/1, 19/2, 21, 23, 25/1, 25/2, 26, 27, 28, 30, 31, 34, 35, 36, 37, 38, 39А,

40, 41, 42, 43, 45, 49, 51, 53, 55, 57, 59; Алтынсарин Ыбырай, Сатпаев Қаныш, Әл-Фараби, Асанқайғы жырау, Желтоқсан, Тәуелсіздік, Қаңтарбаев Тұрғали, Құрманғазы Сағырбаев, Халел Досмухамедұлы, Рәбиға Сыздық көшелері.

№ 394 сайлау учаскесі
Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Ойыл ауылдық округі Қаракемер ауылы Достық көшесі 3, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Қаракемер ауылдық клубының ғимараты

Сайлау учаскесінің шекаралары: Қаракемер ауылы: Бейбітшілік, Ардагерлер, Достық, Ынтымақтастық көшелері; Доброво қыстағы, Еңсеген қыстағы, Тайлақбай қыстағы.

№ 395 сайлау учаскесі
Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Ойыл ауылдық округі Ақшатау ауылы Ақжол көшесі 1а, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақшатау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты
Сайлау учаскесінің шекаралары: Ақшатау ауылы: Жастар, Алаш, Ақжол, Әжібай би көшелері; Сарат қыстағы, Талтоғай қыстағы.

№ 396 сайлау учаскесі
Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі Құмжарған ауылы Республика көшесі 23, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Құмжарған ауылдық клубының ғимараты

Сайлау учаскесінің шекаралары: Құмжарған ауылы: Дінмұхамед Қонаев, Қ.Ержанов, Бекет ата, Астана көшелері.

№ 397 сайлау учаскесі
Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі Қаратал ауылы Ж.Жүсібаев көшесі 2, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ш.Берсиев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты

Сайлау учаскесінің шекаралары: Қаратал ауылы: Ш.Берсиев, Әбілқайыр хан, Ақтөбе, Абай, Ө.Бақаев, И.Қарағұлов, Шөкәрім, Ж.Жүсібаев, Республика, Бейбітшілік, З.Баймолдина, Көкжар, Тәуелсіздік, Сүлеймен әулие, Қобыланды батыр, Ө.Молдағұлова көшелері.

№ 398 сайлау учаскесі
Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі Қарасу ауылы Ахмет Жұбанов көшесі 5, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Құрманов бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты
Сайлау учаскесінің шекаралары: Қарасу ауылы: Ахмет Жұбанов, Бауыржан Момышұлы көшелері.

Аудан өкімі: А.Қазыбаев

ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША ҮГІТТІК БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН БӨЛІНГЕН ОРЫНДАР

№	Елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар
1	Ойыл ауылы	Желтоқсан көшесі («Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ойыл аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны ғимаратының оң жағында) Көкжар көшесі («Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны ғимаратының оң жағында)
2	Ақшатау ауылы	Ақжол көшесі («Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақшатау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
3	Қаракемер ауылы	Ынтымақтастық көшесі («Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаракемер мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
4	Қаратал ауылы	Ж.Жүсібаев көшесі («Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ш.Берсиев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
5	Қарасу ауылы	Ахмет Жұбанов көшесі («Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ойыл аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының Қарасу медициналық пункті ғимаратының сол жағында)
6	Құмжарған ауылы	Бекет ата көшесі («Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының Құмжарған ауылдық клубы ғимаратының оң жағында)

ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША КАНДИДАТТАРҒА САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ ҮШІН БӨЛІНГЕН ОРЫНДАР

№	Ауылдық округтің атауы	Кездесу үшін бөлінген орындар
	Ойыл	Ойыл ауылы, «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы, Шернияз көшесі №36 Ақшатау ауылы, Ақшатау ауылдық клубы, Жастар көшесі № 13 Қаракемер ауылы, Қаракемер мектеп-балабақшасы, Ынтымақтастық көшесі №1
	Ш.Берсиев атындағы	Қаратал ауылы, Ш.Берсиев атындағы орта мектеп, Ж.Жүсібаев көшесі №2 Құмжарған ауылы, Соркөл орта мектебі, Қонаев көшесі №2 Қарасу ауылы, Құрманов бастауыш мектебі, А.Жұбанов көшесі № 5

ӘЛЕУМЕТ

1 ҚАҢТАРДАН БАСТАП ЕЛІМІЗДЕ ҚАНДАЙ МАҢЫЗДЫ ӨЗГЕРІСТЕР БОЛАДЫ?

ЖЫЛ САЙЫН ЕЛІМІЗДЕ АЙЛЫҚ ЕСЕПТІК КӨРСЕТКІШ ӨСЕДІ. ОНЫҢ МӨЛШЕРІ СОЛ ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БЮДЖЕТ ТУРАЛЫ ЗАҢДА БЕЛГІЛЕНІП, БЕКІТІЛЕДІ. СОҒАН САЙ МЕМЛЕКЕТТІҢ ӨЛЕУМЕТТІК САЛАДАҒЫ ТӨЛЕМДЕРІНІҢ ДЕ СОМАСЫ ӨЗГЕРЕДІ. ОДАН БӨЛЕК, КЕЙБІР САЛАДАҒЫ ТӨЛЕМДЕР АРНАЙЫ КӨБЕЙТІЛЕДІ.



Осы себептерге байланысты 2025 жылы шәкіртақы, зейнетақы, жәрдемақы төлеуде өзгерістер бар.

АЙЛЫҚ ЕСЕПТІК КӨРСЕТКІШ
«2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджет» туралы заңға сай, биыл 1 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) 3932 теңге болып бекітілді. Былтыр бір АЕК 3692 теңге болған.

ЕҢ ТӨМЕНГІ КҮНКӨРІС ДЕНГЕЙІ
Ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшері 43 407 теңгеден 46 228 теңгеге өсті. Бұл көрсеткіш базалық әлеуметтік төлемдер сомасын белгілеу үшін қолданылады.

ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖАЛАҚЫ
Жаңа күнтізбелік жылда елімізде ең төменгі жалақы өзгеріссіз қалды. Ең төменгі жалақы 2021 жылы 42 500 теңге, 2022 жылы 60 мың теңге, 2023 жылы 70 мың теңге болды. Ал 2024 жылы 85 000 теңге болған. Осы жылы бұл сома өзгерген жоқ. Атап өтерлік жайт, елімізде ең төменгі жалақыны есептеу әдістемесі өзгеруі мүмкін.

ЗЕЙНЕТАҚЫ
1 қаңтардан бастап зейнетақы 8,5%-ға, ал әлеуметтік жәрдемақылар мен базалық зейнетақы 6,5%-ға индекстелді. Осылайша, мемлекеттік базалық зейнетақының ең төмен мөлшері 32 360 теңге (2024 жылы — 28 215 теңге), ең жоғары мөлшері 50 851 теңге (2024 жылы — 45 578 теңге) болды. Жасы бойынша зейнетақының ең төмен мөлшері — 62 771 теңге (2024 жылы — 57 853 теңге), ең жоғары сомасы — 162 195 теңге (152 295 теңге). Базалық және жасы бойынша зейнетақының ең төмен мөлшері 95 131 теңге, ең жоғары сомасы 213 046 теңге болып белгіленді.

2025 жылы зейнет жасы өзгермейді: ерлер — 63 жас, әйелдер — 61 жас.

МҮГЕДЕК ЖАНДАРДЫҢ ЖӘРДЕМАҚЫСЫ
Елімізде азаматтарға мүгедектігі бойынша берілетін мемлекеттік жәрдемақы жыл сайын инфляция деңгейіне сәйкес қайта есептеледі. Жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға 74 428 теңге мемлекеттік жәрдемақы төленеді. 7 жастан 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға және

бала кезінен мүгедектігі бар адамдарға берілетін жәрдемақы:

I топ — 101 702 теңге;
II топ — 84 598 теңге;
III топ — 74 428 теңге.

Жалпы жәрдемақы:

I топ — 101 702 теңге (2024 жылы — 95 496 теңге);
II топ — 81 362 теңге (2024 жылы — 76 397 теңге);
III топ — 55 474 теңге (2024 жылы — 52 089 теңге).

Ата-анаға, бала асырап алушыға, қамқоршыға мүгедек баласы 18 жасқа толғанға дейін тағайындалатын және төленетін мемлекеттік жәрдемақы — 74 428 теңге (2024 жылы — 69 886 теңге).

I топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасаушыға да дәл осындай сомада жәрдемақы төленеді.

БІР ЖАРЫМ ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛА КҮТІМІ ҮШІН БЕРІЛЕТІН ЖӘРДЕМАҚЫ
«Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 маусымдағы Заңының 10-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес жұмыс істемейтін әйелдер үшін бала 1,5 жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты аяқ сайының мемлекеттік жәрдемақының мөлшері мынадай мөлшерлерде белгіленген:

1-ші балаға — 5,76 айлық есептік көрсеткіш;
2-ші балаға — 6,81 айлық есептік көрсеткіш;
3-ші балаға — 7,85 айлық есептік көрсеткіш;
4-ші және одан кейінгі балаға 8,9 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

Соған сай, 2025 жылғы төлем былай белгіленді:

1-ші балаға — 22 649 теңге (2024 жылы — 21 266 теңге);
2-ші балаға — 26 777 теңге (2024 жылы — 25 143 теңге);
3-ші балаға — 30 867 теңге (2024 жылы — 28 982 теңге);
4-ші және одан кейінгі нәрестелер үшін — 34 995 теңге (2024 жылы — 32 859 теңге).

Одан бөлек босанған анаға берілетін бір реттік жәрдемақы — сүйіншіпұл бар. Биыл бірінші, екінші және үшінші балаға 149 416 теңге (38 АЕК), төртінші және одан кейінгі балаларға 247 716 теңге (63 АЕК) сүйіншіпұл төленеді.

КӨПБАЛАЛЫ АНАҒА БЕРІЛЕТІН ЖӘРДЕМАҚЫ
Көпбалалы отбасына отбасылық кірісіне қарамастан сараланған жәрдемақы беріледі: төрт балаға — 63 030 теңге (2024 жылы — 59 183 теңге); бес балаға — 78 798 теңге (2024 жылы — 73 988 теңге); алты балаға — 94 565 теңге (2024 жылы — 88 973 теңге); жеті балаға — 110 332 теңге (2024 жылы — 103 598 теңге); сегіз және одан көп баласы бар отбасыларға — әр балаға 15 728 теңгеден (4 АЕК) қосылады (2024 жылы — 14 768 теңгеден).

«Неке және отбасы туралы» кодекске сәйкес, көпбалалы отбасы болып көмелетке толмаған төрт және одан да көп баласы бар, оның ішінде көмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ 23 жастан аспаған болуы керек) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар отбасылар жа-

тады.

«Алтын алқа», «Күміс алқа» иелеріне берілетін жәрдемақы Елімізде «Күміс алқа» алқа алған аналарға 6,4 АЕК, «Алтын алқа» алған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған аналарға 7,4 АЕК мөлшерінде жәрдемақы беріледі.

2025 жылы бұл төлемдер былай белгіленді:

«Күміс алқа» иегеріне — 25 165 теңге (2024 жылы — 23 629 теңге).

«Алтын алқа», «Батыр ана», I және II дәрежелі «Ана даңқы» орден иегерлеріне — 29 097 теңге (2024 жылы — 27 321 теңге).

СТУДЕНТТЕР ШӘКІРТАҚЫСЫ

Үкімет қаулысымен 2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап колледждер мен ЖОО студенттерінің стипендиясы артады.

Колледж студенттері үшін шәкіртақы 50 пайызға өсіп, жұмысшы мамандықтары бойынша 43 574 теңге, орта буын мамандары үшін 41 896 теңге болды. Бакалавриат студенттерінің стипендиясы 20 пайызға артып, 47 135 теңгеге дейін, ал педагогика және медицина бағыттарындағы білім алушылардың стипендиясы 75 600 теңгеге дейін көтерілді. Интернатұрада оқитындарға стипендия 85 376 теңге, ал резидентұрада 123 122 теңге көлемінде белгіленді. Магистранттар мен докторанттарға стипендия 15 пайызға ұлғайтылды, оның мөлшері тиісінше 107 061 теңге және 240 000 теңге болды. 2025 жылғы 1 қыркүйекте шәкіртақы тағы өседі: бакалавриат студенттеріне 20 пайыз, магистранттар мен докторанттарға 15 пайыз.

АЙЫППҰЛ МӨЛШЕРІ

Биылғы айлық есептік көрсеткіш (АЕК) былтырғыға қарағанда 240 теңгеге көбейтілгенін жоғарыда айттық. Соған сай енді айыппұл сомасы да артатын болады.

Көпшілікке жақсы таныс тәртіп бұзушылық түрі — қоғамдық орынға немесе белгіленбеген жерге қоқыс тастауды мысалға алайық. 2024 жылы бұндай әдіспен жасаған адам 10 АЕК мөлшерінде, яғни 36920 теңге айыппұл арқаласа, бұгіннен бастап бұл сома 39320 теңгеге өседі. Осылайша әрбір айыппұлдың мөлшері оны белгілеу кезінде қолданылған АЕК санына сай артып отырады.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ТУРАЛЫ»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫНА СӘЙКЕС АУДАНДЫҚ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНДЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ӘКІМДІГІНЕ КАНДИДАТТАРҒА БАСПАСӨЗ БЕТІНЕН ОРЫН БЕРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ, ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Сайлау алдындағы үгіттік материалдарын орналастыру қара-ақ түсті орындауда 1 шаршы см құны — 200 теңге ҚҚС қоса алғанда.
 2. Үгіттік материалдарын орналастыру түрлі-түсті орындауда 1 шаршы см құны 250 теңге ҚҚС қоса алғанда
 3. Үгіттік материалдарын газеттер сайттарында орналастыру құны — жалпы сомадан 50%.
 4. Аудандық «Ойыл» газетінің таралымы -1422 дана. Газеттің шығу жиілігі аптасына 1 рет: Сейсенбі күні — D2 форматта;
 4. Ауылдық округтер әкімдігіне кандидаттарға ұсынылатын мәтіндік, фото және т.б. материалына өтініш-хатпен бірге өз қолымен (әр бетке) немесе сайлауалды үгіт құжаттарына қол қою құқығына кандидаттан сенімхаты бар тұлғаның қолы қойылады. Жоғарыда көрсетілген шарттар орындалмаған жағдайда материал газеттің таяудағы шығарылымында жарияланымнан алынып тасталады.
 5. Үгіттік материалдарын газет беттерінде орналастыру «Ойыл газеті» ЖШС-ның қалауы бойынша жүзеге асырылады.
 6. Үгіттік материалдарын газеттерде жариялау үшін күтілетін жарияланым күніне дейін 3 (үш күн) күнтізбелік күннен кешіктірмей ұсынылуы тиіс.
 7. Мақалалар WORD форматында, фотосуреттер jpeg форматында қабылданады.
 8. Жасалған шарт бойынша «Ойыл» газетінде орналастырылған үгіттік материалдары үшін ақы төлеу ұсынылған шоттың негізінде, берілген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.
 9. Үгіттік материалдарды газетке орналастыру үшін қабылдау 2025 жылғы 12 қаңтардан бастап 2025 жылғы 27 қаңтар күнгі сағат 12.00-ге дейін жүзеге асырылады.
- P.S. Осы шарттарға Орталық сайлау комиссиясы түсіндірмелеріне сәйкес қосымшалар, өзгерістер енгізілуі мүмкін. Мекен-жайымыз: Ойыл ауданы, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, 69-үй, 318-322 бөлмелер.*

«Ойыл газеті» ЖШС

ТҰМАУ — БАРЛЫҚ СЫРКАТТЫҢ БАСТАУЫ



Тұмау — бұл жоғарғы тыныс жолдарына әсер ететін, ауа — тамшы жолымен таралатын инфекциялық ауру. Тұмаудың инфекция көзі — науқас адам. Жөтелу, түшкіру және тыныс алу кезінде науқас адам айналасындағыларға инфекцияны жұқтырады. Ауадағы жұқпалы бөлшектер біртіндеп айналадағы заттарға түседі. Вируспен ластанған үй заттарының қасынан өткенде, үйге тазалық жүргізгенде, осы заттарды қолданғанда, біз байқамай жұқтырылған бөлшектерді еріксіз сілкіп тастаймыз, олар ауаға қайта көтеріліп, адамның тыныс алу жүйесіне енеді. Вирустың тыныс алу жолына түсуіне жол бермеу үшін қолды жиі жуу, қоғамдық орындарда болғаннан кейін және қоғамдық көліктерді пайдаланғаннан кейін мұрын өзегін жуу керек. Бұл бөлшектерді ішке тарту - тұмау вирусының дені сау адамның денесіне кіруіне жол береді. Тұмаудың инкубациялық кезеңі бірнеше сағаттан 10 күнге дейін, орта есеппен 2 күнді құрады.

Жасырын фазаның ұзақтығы вирустың түріне байланысты. Инкубация кезеңінде тұмау өзі білінбейді. Инкубация кезеңінен кейін аурудың көріністері пайда болады:

1. Температураның жоғарылауы әдетте аурудың бірінші сағаттарында пайда болады. Қатты қызба, температура 40°C-қа дейін, тіпті одан да жоғары болады.
2. Әлсіздік, дене сырқырауы, басталатын аурудың алғашқы белгілері болуы мүмкін.

3. Мұрын бітелуі, түшкіру, тамақтың жыбырлауы — аурудың жиі кездесетін алғашқы белгілері.
4. Бірнеше күннен кейін мұрынның ағуы, жөтел пайда болады. Бірте-бірте жөтел ылғалды бөліп қақырық шыға бастайды. Тұмауға қарсы ең тиімді әдіс — вакцинация. Өз уақытында вакцинациялану тұмауға бірнеше рет шалдығуды азайтады, аурудың ұзақтығын қысқартады және асқынудың алдын алады. Вакцинациядан басқа, ағзаның қорғанысын арттыру ұсынылады: дене шынықтырумен айналысу, дұрыс тамақтану, демалу және витаминді —минералды кешендерді пайдалану. Сондай-ақ, тұмауға ұқсас симптомдары бар адамдармен тығыз байланыста болмау, бөлмені жиі желдету, шамадан тыс тоңу және қызып кетуден аулақ болу. Тұмаумен ауырған кезде, үйде қалыпдәрігерді шақырту керек. Отбасының басқа мүшелерімен барынша байланысқа түспеу, медициналық бетперде киіп, жеке гигиена ережелерін сақтау керек. Бұл басқаларға зиян келтірмеу үшін және вирустық инфекцияны таратпау үшін қажет. Профилактикалық шараларды сақтау, Сізді тұмау ауруынан және оның жағымсыз әсерінен қорғайтыны, есте болсын.

Ғ. ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.



Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1422 дана. Тапсырыс 11 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ОЙЫЛ АУДАНЫҚ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

«ЖЫЛ СЕРПІНІ» НОМИНАЦИЯСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНДЫ

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДА ОБЛЫСТЫҚ ЖАСТАР САЯСАТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ БАСҚАРМАСЫ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «ЖАСТАР СЫЙЛЫҒЫ - 2024» ШАРАСЫ ӨТКІЗІЛДІ. САЛТАНАТТЫ ЖИЫНДА ЖАСТАР ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛ БОЙЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНЫП, ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ.



Жыл бойы жасалған жұмыстар қорытындыланып, саралау нәтижесінде 5 аудан номинацияға таласқан болатын. Сол бәйгеге түскен 5 ауданның ішінде Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының еңбегі жоғары

бағаланып, "Жыл серпіні" номинациясының жеңімпазы атанды. Бұл жетістік – орталық қызметкерлерінің жастарға қолдау көрсетіп, олардың дамуына бағытталған жобаларды жүзеге асырудағы табысты жұмы-

старының нәтижесі. Марапатты облыстық жастар саясаты басқармасының басшысы Мирхан Ермағанбетов табыстап, орталық арнайы диплом мен статуетка иегері атанды. Ойыл аудандық жастар ре-

сурстық орталығы үшін 2024 жыл маңызды оқиғалармен есте қалды. Атап айтқанда, 25 желтоқсан күні жаңа ғимараттың салтанатты ашылуы өтті. Бұл жастарға арналған кеңістіктің кеңейіп, олардың шығармашылық пен білім жолындағы қадамдарын қолдайтын жаңа бастамалардың бастамасы болады деп сенеміз. Жалпы бұл номинация – аудандық жастар ресурстық орталықтары арасындағы жоғары баға мен сенімнің айқын дәлелі. Аудан жастарының белсенділігі мен орталық қызметінің тиімділігі өңірдің дамуында маңызды рөл атқарғандығының белгісі. Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының жеңісі – барлық ұжым мүшелері мен аудан жастарының ортақ жетістігі. Олар алдағы уақытта да белсенді жобалар мен бастамалар арқылы жаңа табыстарға жететіндігіне сенім білдіреміз.

Құттықтау

ОЙЫЛ АУЫЛЫ, Н. БАЙҒАНИН КӨШЕСІ №1 ҮЙ ТҰРҒЫНЫ ҚУАНДЫҚ САҒЫНҒАЛИҰЛЫ ТӨЛЕУОВТИ 63 ЖАС МЕРЕЙТӨЙІМЕН ШЫН ЖҮРЕКТЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Еңбегіңіз еленіп құрметті демалысқа шыққан қуанышты күніңіз құтты болсын! Еткен еңбегіңіз бен төккен теріңіз аз емес. Ендігі сол еңбектің зейнетін көріп, ауырмай-сырқамай немере-шөберенің ортасында аяулы ата деген атты иеленіп жүре беріңіз! Құрметті демалысыңыз 100 жасқа дейін ұлассын! Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы бар, Сіздің еңбек жолыңыз сан қырлы, соңғы жылдары 7 жыл бойы музей саласына қосқан үлесіңіз өлшеусіз. Сыйластық ұлағатын ұлықтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет болар саналы ғұмыр жолыңызды жастарға үлгі етіп, мақтан тұтамыз. Сіз өнегелі өмір сүріп келесіз, ұл-қыздарыңыздың қызығы мен қуанышына, жиендеріңіздің сүйіспеншілігіне бөленіп, ағайын-туыс ортасындағы алтын көпірдей қадірлі қалпыңызды сақтап жүре беруіңізге музей ұжымы әрқашан тілектеспіз.

Ігі тілекпен: Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі ұжымы.

АУДАН ЖАСТАРЫНЫҢ ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ӨТТІ

АУДАНЫҚ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ КЕШІ АУДАН ЖАСТАРЫНЫҢ БАСЫН ҚОСТЫ. БҮЛ ШАРА ЖАСТАРДЫҢ ЕҢБЕГІН БАҒАЛАУ, ОЛАРДЫ ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ҒЫНТАЛАНДЫРУ МАҚСАТЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.



Салтанатты кешке аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы, аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев, сондай-ақ "Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" ММ бас-

шысы Ұлмекен Төлеушева қатысты. Шараға аудан орталығынан және ауылдық округтерден келген белсенді жастар қатысты. Кеш барысында мемлекеттік жастар саясатын дамы-

туға үлес қосқан жастар мен білім ордалары, мекемелер марапатталды. Белсенділік пен ерекше жетістіктерімен көзге түскен жастар арнайы номинацияларға ие болды. Олардың қатарында "Үздік шығармашыл жас", "Үздік жас спортшы", "Үздік жас ұстаз", "Үздік жас дәрігер", "Үздік студент", "Үздік еңбек жасы" және "Үздік өнерпаз жас" сынды марапат иегерлері бар. Барлығы 34 жас марапатталып, арнайы дипломдар мен естелік сыйлықтар табысталды. Кештің ерекше сәнін ән мен музыка кіргізді. Жастарға арналған бұл кеш көңілді атмосферада өтіп, шара соңында барлық қатысушылар арнайы ұйымдастырылған фуршетте бір-бірімен еркін сұхбаттасып, өзара тілектестік білдірді.

Қара танымаса да көшегі қазақтың кез келгені синоптик болатын. Аталарымыз ауа райын табиғат құбылыстарына қарап-ақ болжайтын. Қазақы пайымда айдың тосын табиғатына қарай тұрақты тіркестер де қалыптасқан. «Қаңтарда күн қарға адым, ақпанда атан адым ұзарады», «қаңтарда қатқан мұздай», «қаңтардағы жараған бурадай», «қаңтардың сақылдаған

ҚАҢТАР

сары аязы» деген тіркестер тек осы мезгілдің табиғатына тән. Қаңтар – көне түркі сөзі. Атының өзі айтып тұрғандай, күннің барынша қысқарып, байланғандай қаңтарылып тұрып қалуына орай «қаңтар

деп аталыпты. Қыс қаһарына мініп, аяздан ауыл арасындағы қатынас үзіліп қалатындықтан бұл айды адамдар көбіне үйде өткізген. Малдың алды төлдеп, сақманның басталар уақыты да қаңтардың сарышұнақ аязына дөп келген. Сондықтан бұл ай шаруалар үшін бейнетті мезгіл болып саналған. Бабаларымыз табиғат құбылыстарына қарай бұлт желге қарсы көшсе, кешікпей қар жауатынын, ал, ортасынан ыдыраса күн бұзылатынын, шетінен ыдыраса ауа райы жақсаратынын болжап, соған орай шаруасын қамдаған. Егер бұлт көкжиектен будақтала көтеріліп, іле-шала көрінбей кетсе қатты жел тұрып, соңы аяз болмақ. Ал, бұлт өркештеліп көтерілсе, оның соңы қар болады дей беріңіз. Біз қазір далаға шығып бұлтқа қарамаймыз. Телефоннан қарай саламыз. Бірақ, биылғы қаңтар «жазсырап» тұр...

С.ХАМЗИН, Ойыл селосы.



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНБЫЗ БА?

ПРЕЗИДЕНТ 2025 ЖЫЛДЫ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ ДЕП ЖАРИЯЛАДЫ. БҮЛ ҚАДАМ СҰРАНЫСЫ КӨБЕЙГЕНІМЕН, ТҮЛЕП АЗАЙҒАН САЛАҒА ҚАНДАЙ СЕРПІН ӨКЕЛТІНІ ӨЗІРГЕ БӨЛГІСІЗ.

400 мыңнан астам жұмысшы маман көрек
Сөзді сураныстан бастайық. Елде жұмысшы маман тапшы, сарапшылар үрдіс кейін де жалғасады деп отыр. 2030 жылға дейін салада 410,6 мың адам жетіспеуі мүмкін. Жекелей жіктесек: көлік, жүк көлігі мен такси жүргізушісі – 88,1 мың; дәнекерлеуші – 18 мың; монтаж құрылысшы, құрылысшы-әрлеуші мен суретші – 13,4 мың; сантехниктер – 13,2 мың; фермерлер мен аралас өнімдерді өндіруші жұмысшы – 12,4 мың; сылақшы – 11,2 мың; тракторшы – 11 мың; құрылысшы-монтажшы, соған байланысты жұмысшылар – 9,2 мың; өнеркәсіптік жабдықтардың слесары саласы 8,2 мың мамандыққа жетпейді. Демографиялық көрсеткіш пен экономика көлеміне қарай санда өзгеріс болуы ықтимал. Алайда бұл статистика дерегі кері кетеді деген сөз емес, керісінше, маман тапшылығы жылдап үдей түседі. Сондықтан қазірден бағыт белгілі. Мемлекет басшысы жұмысшы мамандарды ынталандыру үшін кәсіби білім беруді дамыту, еңбек нарығын жүйелену қажетін меңзеген болатын. Келер жылдың жемісті болуына да аталған факторлар есер етпей қоймас. Өсірсе, қоғамда біршама дау тудырған кәсіптік білім беру мәселесі күн тәртібіне көтерілетін секілді. «Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе. Бұл – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және ин-

вестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам. Мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтарының дәріптеу арқылы қоғамда еңбеккер және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз, – деді Президент. Сонымен, білім беру саласындағы реформа қалай жүргізілуі қажет? Сарапшылар алдымен оқуға қабылданатын түлектердің мақсатты түрде келуін әрі олардың жұмыспен қамтылуын назарға алуды ұсынады. Қазір жұмысшы мамандардың дені колледждерде даярланады. Ондағы білім алушылар мен түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейінде алшақтық бар. Себебі студенттің бірі мемлекеттік білім гранты үшін ғана түссе, кейбірі ЖОО-ға оқуға түсуге ҰБТ балы жетпегендіктен келген. Өз еркімен есік ашқандар аз. Сәйкесінше, колледж түлектерінің мамандық бойынша жұмыс істеу көрсеткішін алға бастыра алмай отырмыз. **Иран моделін қалай өнгіземіз?** Осы ретте Мәжіліс депутаты Ерболат Саурықов жұмысшы мамандарды даярлау кезінде білім беру жүйесін үш секторға бөлуді дұрыс санайды: теориялық, практикалық, өндірістік. Алғашқы екеуі колледждердің оқыту тәжірибесінде қолданылғанымен, соңғысы – өндірістік саты ескерілмей келеді. Студенттер таңдаған мамандығының өндірістік бөлігін көзбен көріп, колледж қабырғасында жүріп қосымша табыс тапқанда ғана ынта артады деген пікірде. – 5-6 жыл бұрын Иран мемлекетінде болдым. Сонша жыл санкция қоспағанда болғанына қарамастан ел қатты дамып кет-

кен. Орта және шағын бизнестің үлесі жоғары, маман тапшылығы жоқтың қасы. Әрине, бұл деңгейге қалай жеткені қызықтырды. Сондықтан Тегерандағы энергетикалық колледж жұмысымен таныстым. Байқағаным, олардың колледжі біздің модельге мүлде жат. Қазақстандағыдай 3-4 қабатты оқу нысаны емес, өндіріс орны алып жатыр. Білім беру нысаны 3 бөлiкке бөлiнедi екен. Ортасында – теория оқытатын аудитория, екiншiсiнде – өндiрiс қоймасы, үшiншi бөлiгi – өндiрiс цехы. Студенттер осында оқыл, жұмыс iстейдi. Тiптi табысына оқу ақысын төлейдi, қалғаны өзіне пайда. Оқу мерзiмi де бөлiнген. Мысалы, 6 ай оқыған адам - жұмысшы маман, 1 жыл оқыған студент - кәсiби маман, 1 жыл 8 ай оқығандар күрделi мiндеттi атқара алатын және басылық лауазымында жұмыс iстейтiн түлек болады. Қызығы, ондағы студенттердiң жұмысы дайын, оқу бiтiргесiн тентiреп жүрмейдi, – дедi ол. Ерболат Саурықов Иранның білім беру моделін өнгізуді уақыт талап ететінін жасырмады. Сол үшін алдымен пилоттық жоба ретінде бірнеше колледжде сынап көруді ұсынды. Сондай-ақ кейінгі басты қадам ретінде жұмыс берушілердің талабын жүйелену қажетін айтып отыр. Депутат жұмысшы мамандарды жұмысқа қабылдау туралы арнайы классификациялық талап жасау керек деген ойда. Айтуынша, жұмыс берушілер маман алған кезде университет түлегіне басымдық береді. Салдарынан колледж бітіргендер университет оқуға мәжбүр. Жұмысшы мамандар тапшылығының бір себебін осы мәселеден тарқатты. – Колледждер ұсынатын түлектер туралы статистиканы қарасақ, 90 пайызға жуығы жұмысқа орналасқан болып шығады.

Алайда бұл жерде деректі жинау, қалыптастырудағы алгоритм қате. Мәселен, колледжді бітірген 10 студенттің алтауы ЖОО-ға түсті, екеуі жұмысқа орналасты делік. Статистикада колледж басшылығы 8 адам жұмыспен қамтылды деп береді. Сондықтан дерек жинау үрдісін нақтылыққа құру артық етпейді, – деді депутат. **Білім беру гранты көбейді** Жасыратыны жоқ, Үкімет техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалауға мүдделі болып отыр. Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова бастаған жұмыс тобының колледждерді 3-4 деңгейге бөлу, жұмысшы мамандарды даярлауға арналған оқу бағдарламасын жаңарту бастамасы осы өзгеріске бағытталған. Білім беру гранты да назардан тыс емес. Жауапты министрлік сұранысы жоғары салаға білім грантын көптеп бөлуге ниетті. Мәселен, был ЖОО-ға түсу үшін 112 мың грант беріледі, оның 60 пайызы техникалық мамандықтарға тиесілі. Ал колледждерде білім алу үшін 145 мың грант бөлінген – жылдағыдан 12 мыңға көп. Басым дені маман жасау, көлік, энергетика, IT, құрылыс және инженерия секілді техникалық мамандықтарға бағытталған. Оған қоса қосарындардың өтінімі негізінде орта кәсіптік оқуға 10 мың талапкерге мүмкіндік берілді. – Техникалық мамандықтардың ішінде ақпараттық технологиялық коммуникация саласында 10 900 грант бөлінді. Жаратылыстану, статистика мамандықтарына 8 288 мың грант берілді. Жалпы осы техникалық бағыттарға деген қызығушылық жастар арасында өте белсенді болып тұр. Техникалық бағыттарға деген қызығушылық соңғы 2 жылда дәуірлеп өсті, – деді ҚР Ғылым және жоғары білім ми-

нистрлігінің қоғаммен байланыс департаментінің басқарма басшысы Қарлығаш Қалыбеқызы. **Жалақы жайы** Қалай десек те мәселені түпкілікті шешетін тетік – жалақы мен бос жұмыс орны. Қоғамның күтетіні де осы. Бұл ретте жүктің ауыры ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне түсетіні анық. Жауапты органдармен бірлесіп нарықты реттеу, азаматтардың екі қолға бір күрек табуына септесу бүгіннен басталып кеткен. Жұмысшы мамандықтар жылы қандай жобалар жүзеге асуы мүмкін екенін білу үшін министрлікке арнайы сауал жолдаған болатынбыз. Білгеніміз, басым бағыт цифрландыру мен арнайы курстар өткізуге негізделген секілді. «Қазақстанда жұмысшы мамандықтары жылын өткізу мақсатында Еңбекмині тарапынан жобалар әзірленуде. Оның ішінде электрондық еңбек біржасының базасында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының түлектері үшін өндірістік практиканы ұйымдастыру, кәсіби білікті тану орталықтарын ашу, мектеп оқушылары мен студенттер үшін жетекші кәсіпорындарда ашық есік күнін өткізу, «Мансап комиссиясы» платформасында мектеп оқушылары үшін кәсіптік бағдарлауды ұйымдастыру қарастырылуда. Сондай-ақ «Жұмысшы кәсіптер» бойынша бос жұмыс орындарының жәрмеңкесін өткізу, жұмысшы кәсіптер бойынша кәсіптік стандарт пен оқу бағдарламасын жаңарту, электрондық еңбек біржасының базасында жұмысшы кәсіптер бойынша VR курстар әзірлеу мен жұмысшы кәсіптер бойынша субсидияланатын жұмыс орындарының санын ұлғайту ұсынылды», – делінген хат мәтінінде.

Мамандардың статусы мен мәртебесіне қатысты та тармақ бар екен. Министрліктің айтуынша, жоспар жобасына қосу үшін жұмысшы мамандықтары иелерінің еңбек құжын қорғау бойынша ұсыныстар берілген. Ол бойынша заңдағы жұмыскердің еңбек құжынын қорғау бөлігін өзгерту және лайықты еңбек қиғадатын ілгерілету бойынша жұмыс жүргізілме. Оған қоса еңбек қатынасын декларациялау тетігін ендіру, кеңес беру орталықтары ашылуы ықтимал. Ал Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетовтің айтуынша, жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру үшін жалақы мөлшерін көтеру жеткілікті. Түлектердің саладан алыстауына аталған мәселе түрткі. – Кез келген мамандықтың жастар тарапынан қызығушылық тудыруы үшін, ең алдымен, оның жалақысын көтеру керек. Биыл жазда өңірлерде болғанымызда елімізде дәнекерлеуші, кран машинисі, су қожы қызметкері, слесарь секілді қажет мамандардың жетіспеуінен көрдік. Себебі сол – жалақысы аз. Сондықтан ол мамандықтарға ешкім барғысы келмейді. Қазір Парламент тарапынан қабылданған нормативтік-құқықтық база бұл бағытта жұмыс істеу үшін жеткілікті. Заңдар бар, енді атқарушы органдар біз айттып отырған жалақы мәселесін көтеру жағымен шұғылданыу керек, – дейді Асхат Қанатұлы. Жұмысшы мамандықтар жылына арналған жоспар бірнеше айдан кейін-ақ жүзеге асады. Демек маман статусы қалай құбылатынын, саладағы реформалар қандай нәтиже беретінін көретін күн алыс емес. Бастысы, еңбек адамы үшін мүмкіндік есігі ашылмақ.

Ерсін ШАМШАДИН, kaz.inform.kz